

● *Есімі елдің есінде*

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Шайсұлтан Шаяхметов өмірден тым ерте кетті. Әйтсе де осы бір қысқа ғана ғұмырында оның туған халқы, тәуелсіз елі үшін сіңірген еңбегі аса зор. “Атаңның ұлы болма, адамның ұлы бол” деп данышпан Абай өсиет еткендей, Шайсұлтан Шаяхметұлы бір аймақтың, бір елдің перзенті ғана емес, бүкіл қазақтың бел баласына айналды десе де болады.

Шайсұлтан 1939 жылы Қостанай облысының Науырзым

жылдар бойы еліміздің оқу жүйесін ұйымдастырып, оған басшылық етуге тура келді. Ұзақ уақыт Қазақстан Министрлер Кеңесінде оқу-ағарту бөлімін басқарды, кейіннен 8 жылға жуық Білім министрі болып қызмет істеді. Осы жылдары Шайсұлтанның есімі елге кеңінен танылды. Оның іскерлігіне, ұйымдастыру қабілетіне, басқарып отырған саланың күрделі проблемаларын шебер шеше білетіндігіне қалың жұртшылықтың көзі жетіп, есімі құрметпен аталып жүрді. Неге десеңіз, ол білім беру саласына

қазақ-түрік университетінің шоқтығы биік, сипаты ерекше.

Шәкеннің тікелей ынта-ықыласымен жоғары оқу орындары жанынан ғылыми-зерттеу институттары жұмыс істей бастады. Өтпелі кезең қиыншылықтарына төтеп бере алмай жабылып қалу қаупі төніп тұрған жоғары оқу орындарын, ғылыми-зерттеу мекемелерін қаржыландыру жақсарып, олар өмірге қайта оралды. Осындай күрделі кезеңде ол кісі жалпы орта білім саласы бойынша атаулы мектептер ашуға да айрықша көңіл болды. Атап айтқанда, жаңашыл ұстаз А.Мыңбаевтың авторлық мектебін, КСРО халық мұғалімі Қ.Айтқалиевтің, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты К.Бітібаеваның, Е.Очқурдың, А.Мурзинаның, Т.Моордың, К.Ерешеваның әдістемелік атаулы мектептерін ашуға тікелей Білім министрі Шайсұлтан Шаяхметов көмек-қолдау көрсетіп, бұл мектептерді үнемі назарына алып отыратын еді. Республикада білімді бағалаудың тестік жүйесін енгізуді ұсынып, тест орталығын ашқан, мектептерді жаппай компьютерлендіру мәселесін бастаған да Шәкен болатын...

Шайсұлтан Шаяхметовтың тағы бір қайраткерлік қыры, мемлекеттік тілді үйрену, дамыту мәселелеріне қосқан ерекше үлесімен байланысты десек, ол халықаралық “Қазақ тілі” қоғамын құруға атсалысты.

Зейнетке шыққаннан кейін республикалық тіл дамытудың үйлестіру — әдістемелік орталығын құрды, өзі өмірден өткенінше осы орталықтың дамып, нәтижелі қызмет істеуіне барлық уақытын арнады.

Бүгінде бұл орталық жұртшылыққа кеңінен танымал, тіл игеру жөнінде талай ұтымды әдістемелерді ұсынып, жоғары беделге ие болып отыр. Оның құрамында белгілі ғалымдардан, ұстаздардан тұратын ғылыми кеңес бар. 2008 жылы аталмыш орталыққа оның іргесін қалаған Шайсұлтан Шаяхметовтың есімі берілді.

Сондай-ақ, Ш. Шаяхметов еліміздегі инженерлік академиясының мүшесі ретінде

Соңында сайрап із жатыр

✓ **Кенжеғали САҒАДИЕВ,**
 Парламент мәжілісінің депутаты, академик.



ауданында дүниеге келді. Ол кезең ел үшін ауыр жылдар болатын. Кеңес өкіметі құрған ұжымшарлардың әлі дұрыс бой жазып көтерілмеген кезі, 1931-33 жылдардағы ашаршылық зардабы әлі толығымен кетпеген, оның үстіне “халық жауы” деп бас көтерер азаматтарды топтап айдалып жатқан үрейлі жылдар болатын. Сондықтан өскен өңірдің тұрмысы төмен, мұқтаждығы көптігінен біздер кедейшіліктің біраз зардабын көрдік. Шайсұлтан да туған-туыскандарымен жастық шағында өмір қиыншылығын басынан кешірді.

Дегенмен, қиындықты жеңе білетін рухы биік жандар бар, еңсесі түсіп, ауыртпашылықпен күресе алмай жүргендер де аз емес. Шайсұлтанның қажыр-қайраты мықты болып шықты. Қаншама зорлық-зобалаңы болса да, Кеңес өкіметі бір керемет жақсылық әкелді: жер-жерде мектептер ашты, халықты сауаттануға шақырды, жастарды білім мен ғылымға тәрбиеледі. Шәкен осы мүмкіндікті толық

көптеген өзгерістер енгізді. Әсіресе, жоғары оқу орындарын қайта құру мәселелері, Қазақстанда оқу-білім жүйесінің дамуының стратегиялық бағыттары, тағы да басқа күрделі мәселелерді өмірдің өзі алға тартса, оларды тиімді шешу Білім министрлігінің, министр Шаяхметовтың еншісіне тиді. Ал мәселені дұрыс шешу үлкен дайындықты, терең білімді, жоғары интеллектілікті талап етегін. Міне, осындай зор талапқа Шәкен толығынан жауап бере алды, бүгін жан-жақты дамып келе жатқан егемен елдің оқу-білім жүйесі сол кезде Шайсұлтан Шаяхметов осы саланы басқарған кезде қалыптасқанын ешкім де жоюға шұбар аймайты. Біздер

лығын басынан кешірді.

Дегенмен, қиындықты жеңе білетін рухы биік жандар бар, еңсесі түсіп, ауыртыпашылықпен күресе алмай жүргендер де аз емес. Шайсұлтаннның қажыр-қайраты мықты болып шықты. Қаншама зорлық-зобалаңы болса да, Кеңес өкіметі бір керемет жақсылық әкелді: жер-жерде мектептер ашты, халықты сауаттануға шақырды, жастарды білім мен ғылымға тәрбиеледі. Шәкең осы мүмкіндікті толығынан пайдалана білді. Жасынан өте зерек, мектепте алдына жан салмайтын үздік оқушы болды. Сол жастық кездер өлі есімде. Әуликөлдегі қазақ орта мектебінде қатар оқыдық. Оның директоры Жұмағали Дөненов өмір тәжірибесі өте бай, оқушыларға өзінің туған баласындай қарайтын мейірім мол ұстаз еді. Мейрам Мұхамеджанов, Заря Ахметқызы, Асау Төрешев, Әмірғали Жамалиев сияқты жас мұғалімдер — Алматыдағы атақты ҚазПИ-дің түлектері. Жоғары оқу орнын жаңа ғана бітірген олар жас жеткіншектерге білім беруге құлшынып тұратын. Біздер де білімге сусап отырған ауыл балаларымыз. Жақсы оқуға тырыстық. Озат оқығандарға тек ұстаздары ғана емес, ата-анасы, ағайын-туыстары, бүкіл сол өңірдегі ел болып қуанатын.

Міне, осындай мектепте, осындай ортада Шайсұлтан да дәріс алды. Табиғатынан алғыр, дарынды Шәкең мектеп пен ауылдың мақтанышына айналды. Ақыры мектепті алтын медальмен бітіріп шықты. Бұрын қазақ орта мектебін алтын медальмен бітірген ешкім болмаған еді.

Білім мен ғылымға ынтасы ерекше ол жоғары білім алу үшін Мәскеудің М.Ломоносов атындағы мемлекеттік университетіне оқуға түсті. Бұл да бір оның өмірінің ерекше бел-белесі. Атақты МГУ-де майталман ұстаздардан дәріс алу Кеңес одағы кеңістігіндегі әрбір жастың арманы еді. Міне, осындай аты бүкіл әлемге әйгіл университетте Шәкең білім алды, химия мамандығын иеленді. Бір-екі жыл Алматыда жұмыс істеп, сонынан Мәскеуде атақты академик Александр Несмеянов басқарған ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқыды.

Алайда, Шәкең ғылыми ізденісін әрі қарай жалғастыра алмады. Өйткені, оған басқару органдарының шешімімен көп

тап да басқа күрделі мәселелерді өмірдің өзі алға тартса, оларды тиімді шешу Білім министрлігінің, министр Шаяхметовтың еншісіне тиді. Ал мәселені дұрыс шешу үлкен дайындықты, терең білімді, жоғары интеллектті талап ететін. Міне, осындай зор талапқа Шәкең толығынан жауап бере алды, бүгін жан-жақты дамып келе жатқан егемен елдің оқу-білім жүйесі сол кезде Шайсұлтан Шаяхметов осы саланы басқарған кезде қалыптасқанын ешкім де жокқа шығара алмайды. Біздер министріміздің мәселені шешудегі іскерлігіне, халқына деген сүйіспеншілігіне, отанының жас түлектерін оқытып, тәрбиелеу жұмысындағы ерен еңбектеріне риза болатынбыз және тынымсыз ізденістеріне таң қалатынбыз. Әсіресе, Шайсұлтан Шаяхметұлы Білім министрі болып қызмет істеген жылдары аса ауқымды реформалар жүргізгенін ескермей кету жөн емес. Ағартушы Ыбырай Алтынсарин: “Кел, балалар, оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық” деп бүкіл қазақ баласын оқу-білімге шақырса, сол кісінің тікелей ұрпағы Шайсұлтан Шаяхметұлы қазақ балаларын білім мен ғылымы, мәдениеті жан-жақты дамыған өркениетті мемлекеттерде оқытуды армандап, бұл үшін аянбай күш жұмсаған азамат. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары-ақ ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың идеясымен “Болашақ” бағдарламасы жасалып, сол бойынша қазақ жастары Америкаға, Англияға және басқа да алдыңғы қатарлы елдердің әйгілі университеттеріне оқуға жіберіле бастады. Бүгінде “Болашақ” бағдарламасының ауқымы кеңіп, жылына шетелдерге 3 мыңнан астам қазақ балалары оқуға жіберілуде. Шайсұлтан Шаяхметов өзі министр болып қызмет істеген жылдары шетелдердегі жоғары оқу орындарымен ауқымды байланысты жолға қойды. Қытайда, Моңғолияда тұратын қазақ балаларын Қазақстандағы жоғары оқу орындарында оқыту мәселесін шындап қолға алып, өміршен бастаманы бастап берсе, бүгінде бұл үрдіс онан әрі дами түсуде.

Елбасымыздың қолдауы арқасында Шайсұлтан Шаяхметовтың басшылығымен тоқсаныншы жылдары елімізде көптеген жоғары оқу орындары ашылып, қазақ жастарының жаппай жоғары білім алуына жол ашылды, соның ішінде Астанадағы Еуразия ұлттық университеті мен Түркістандағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық

дамып, потжеки қызме істепте барлық уақытын арнады.

Бүгінде бұл орталық жұртшылыққа кеңінен танымал, тил игеру жөнінде талай ұтымды әдістемелерді ұсынып, жоғары беделге ие болып отыр. Оның құрамында белгілі ғалымдардан, ұстаздардан тұратын ғылыми кеңес бар. 2008 жылы аталмыш орталыққа оның іргесін қалаған Шайсұлтан Шаяхметовтың есімі берілді.

Сондай-ақ, Ш.Шаяхметов еліміздегі инженерлік академияның, Мәскеудегі халықаралық шығармашылық академияның толық мүшесі, Америкадағы бірнеше университеттердің құрметті профессоры болды. Қостанай өңірінде Ш.Шаяхметов атындағы орта мектеп барын да айта кетсек дейміз.

Жоғарыда мен Шайсұлтанмен туып-өскен жеріміз, ұшқан ұямыз бір екенін айтқанмын. Одан кейін де көп жылдар бір салада қатар қызмет істедік. Шәкең оқу-білім жүйесінің басшысы болса, мен қатарынан төрт бірдей университеттің ректоры болдым. Сондықтан да Шәкеңді ағайын ретінде де, басшы ретінде де жақсы білемін. Жарқын, жайдары мінезі бар, өзі мәдениетті, әдепті өрі өткір өзін-қалжыңы бар жайсаң жігіт еді. Отырған ортасында жарқырап, ашық сөйлеп, зор парасат иесі ретінде айрықша көзге түсетін еді.

Иә, Шайсұлтан жан-жақты дарынды еді. Бала кезінен өлең жазатын. 8-9 сыныпта оқып жүргенде мектептің қабырға газетінде Шайсұлтаннның өлең жарияланды, оны бүкіл оқушылар қауымы болып оқып, құттықтағанмыз әлі есімде. Кейіннен сирек болса да өлеңдер жазып, оларды жеке кітапшалар етіп шығарып жүрді.

Аяулы жары Алма, әкесінің жолын қуған азамат балалары бүгінде Шәкеңнің шығармалар жинағын баспадан шығарып, ел назарына ұсынып отыр.

Хақим Абай толғанғандай, соңында ізгі ісі қалған, ғазиз жүрегінен жыр болып төгілген асыл сөздері қалған Шайсұлтан Шаяхметұлы сынды азаматты өлді деуге қия алмайсың. Қазақ халқы аман болса, оның жүрегінде Шәкеңнің жарқын бейнесі мәңгі жасай беретініне сенімім көміл.

АСТАНА.